

Давлетова Айнаш Халиуллиндовна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры информатики, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, 00001, г. Астана, ул. А. Пушкина 11, тел.: +77013175684, e-mail: ainash_5@mail.ru.

Мырзанова Алия Калдыбаевна* – PhD докторант, кафедра информатики, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, 00001, г. Астана, ул. А. Пушкина 11, тел.: +77014141046, e-mail: myrzanova_ak@enu.kz.

Davletova Ainash Khaliullinovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of computer science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, 00001, Astana, 11 A. Pushkin Str., tel.: +77013175684, e-mail: ainash_5@mail.ru.

Myrzanova Aliya Kaldybayevna* – PhD student, Department of computer science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, Astana, 00001, 11 A. Pushkin Str., tel.: +77014141046, e-mail: myrzanova_ak@enu.kz.

XFTAP17.07.41

ӨОЖ 821.14'02

<https://doi.org/10.52269/SKVC2622106>

ГРЕК МИФОЛОГИЯСЫНДАҒЫ САКРАЛДЫ КЕҢІСТІК НЫСАНДАРЫНЫҢ ОБРАЗЫН ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Жунисова Д.Н.* – тіл білімі магистрі, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан Республикасы.

Юсуп А.Н. – PhD докторы, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Юсуп П.К. – PhD докторы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Балгабаева Г.З. – тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан тарих кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Адамзат өркениетіндегі көркемдік ойлаудың түрлі кезеңдерінде сырлы әлемнің құпиясына үңілу, оның қоғамға беймәлім тұстарын тану күрделі әрі қызықты мәселе болып келген. Бұл тұста әсіресе көркем мәтіндегі мистикамен киелілік, яғни сакральдіктің тылсымын тану барша ойшылдар мен ғалымдардың зерттеу нысанына айналды. Осыдан келіп бұл бағыттағы зерттеулердің өзектілігі түрлі халықтармен әр дәуірдің ғылымында бірте-бірте арта берді. Бұл мақалада грек мифологиясы мен әдебиетіндегі киелі кеңістіктегі нысандар образының көркемдік-бейнелі көрінісіне талдау жасау мақсаты қойылды. Жаратылыстың құпиялары мен табиғат тылсымдары туралы әр замандағы ғылыми, діни, тіпті белгілі бір ұлтқа ғана тән көзқарастарға сараптау жүргізу осы мақсатқа тән көзделеді. Мақаланы жазу барысында салыстырмалы, интерпретациялық талдау әдістері қолданылған. Негізінен грек мифологиясында киелі жерлер образы көне халықтың тарихи даму үдерісінен, ұлттық таным түсінігінен мол хабар беретін архетиптік бейне ретінде маңызды рөл атқарады. Өйткені халық жадында әлі күнге дейін қасиетті мекендер мен нысандарға деген қызығушылық бәсеңдеген жоқ. Сол себепті киелі нысандарға құлшылық етіп, әулиелі жерлерге тәуеліп, түнеу дәстүрі бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Мақалада оқу процесінде грек мифологиясындағы сакралды кеңістік бейнелерін зерттеудің педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Негізгі мифологиялық локустар (Олимп, жер асты әлемі, қасиетті тоғайлар мен храмдар) оқушылардың тарихи ойлау қабілетін, құндылықтық бағдарларын және мәдениеттік компетенттілігін қалыптастыру құралдары ретінде талданады. Арнайы назар осы тақырыпты оқытудың әдістемелік тәсілдеріне аударылады, соның ішінде пән аралық байланыстарды қолдану, көрнекі деректермен жұмыс және проблемалық оқыту әдістері. Мақалада мифологиялық бейнелердің оқушылардың танымдық белсенділігін дамытудағы жоғары дидактикалық әлеуеті туралы қорытынды жасалады.

Түйінді сөздер: Грек мифологиясы, сакралды кеңістік, көркем образ, мифопоэтика, кеңістік символикасы.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИЗУЧЕНИЯ ОБРАЗОВ САКРАЛЬНОГО ПРОСТРАНСТВА В ГРЕЧЕСКОЙ МИФОЛОГИИ

Жунисова Д.Н.* – магистр лингвистики, Кокшетауский Университет имени Ш.Уалиханова, г. Кокшетау, Республика Казахстан.

Юсуп А.Н. – доктор PhD, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

Юсуп П.К. – доктор PhD, Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Республика Казахстан.

Балгабаева Г.З. – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор кафедры истории Казахстана, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

На различных этапах художественного мышления в цивилизации человечества исследование тайны волшебного мира и познание его неизвестных сторон для общества всегда было сложной и интересной задачей. В этом контексте особенно внимание привлекают мистика и святость в художественном тексте, то есть понимание сакрального, что стало объектом исследования для многих мыслителей и ученых. Из этого вытекает, что актуальность исследований в этом направлении постепенно возрастала в науке различных народов и эпох. В данной статье ставится цель провести анализ художественно-образного представления образов священных пространств в греческой мифологии и литературе. Исследование взглядов на тайны природы и загадки бытия, характерных для разных эпох, научных и религиозных, а также присущих определенным народам, также является частью этой цели. При написании статьи использовались методы сравнительного и интерпретационного анализа. В основном образ священных мест в греческой мифологии играет важную роль как архетипический образ, который дает богатую информацию о процессе исторического развития древнего народа и его национальном восприятии. Потому что в народной памяти интерес к священным местам и объектам до сих пор не угас. Поэтому традиция поклонения священным объектам и молитвы в святых местах продолжается и по сей день. В статье рассматриваются педагогические возможности изучения образов сакрального пространства в греческой мифологии в образовательном процессе. Анализируются ключевые мифологические локусы (Олимп, подземный мир, священные рощи и храмы) как средства формирования исторического мышления, ценностных ориентаций и культурной компетентности обучающихся. Особое внимание уделяется методическим подходам к преподаванию данной темы, включая использование междисциплинарных связей, визуальных источников и проблемно-ориентированного обучения. Делается вывод о высоком дидактическом потенциале мифологических образов в развитии познавательной активности учащихся.

Ключевые слова: Греческая мифология, сакральное пространство, художественный образ, мифопоэтика, символика пространства.

PEDAGOGICAL ASPECTS OF STUDYING THE IMAGES OF SACRED SPACE IN GREEK MYTHOLOGY

Zhunissova D.N.* – Master of Linguistics, Sh.Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Republic of Kazakhstan.

Yussup A.N. – PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

Yussup P.K. – PhD, Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

Balgabayeva G.Z. – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Department of history, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

At various stages of artistic thinking in the development of human civilization, the exploration of the mystery of the magical world and the understanding of its unknown aspects have always been both a complex and compelling task for society. In this context, particular attention is drawn to mysticism and sanctity in literary texts, that is, to the comprehension of the sacred, which has become an object of study for many thinkers and scholars. Consequently, the relevance of research in this field has gradually increased across the sciences of different nations and historical periods. The aim of this article is to analyze the artistic and figurative representation of sacred spaces in Greek mythology and literature. The study of perspectives on the mysteries of nature and the enigmas of existence – characteristic of different epochs, scientific and religious traditions, as well as specific cultures – is also an integral part of this objective. The research employs methods of comparative and interpretative analysis. In Greek mythology, the image of sacred places plays an important role as an archetypal construct that provides valuable insights into the historical development of ancient peoples and their national worldview. This is due to the fact that interest in sacred places and objects has remained alive in collective memory to the present day. Therefore, the tradition of venerating sacred objects and offering prayers at holy sites continues even today. The article also examines the pedagogical potential of studying images of sacred space in Greek mythology within the educational process. Key mythological loci (Olympus, the underworld, sacred groves, and temples) are analyzed as tools for developing historical thinking, value orientations, and cultural competence among learners. Special attention is given to methodological approaches to teaching this topic, including the use of interdisciplinary connections, visual sources, and problem-based learning. The study concludes that mythological imagery possesses a high didactic potential for enhancing students' cognitive engagement.

Keywords: Greek mythology, sacred space, artistic image, mythopoetic, spatial symbolism.

Кіріспе. Қазіргі білім беру саласындағы модернизация жағдайында білім алушылардың бойында адамзаттың мәдени-тарихи даму барысы туралы тұтас түсінік қалыптастырудың тиімді құралдарын іздеу ерекше мәнге ие болып отыр. Осы контексте грек мифологиясы тек ежелгі мұраның маңызды бөлігі ретінде ғана емес, сонымен қатар ықпалды педагогикалық ресурс ретінде де қарастырылады.

Ежелгі Грек мифологиясындағы сакралды кеңістік (Олимп, Аид, қасиетті тоғайлар, храмдар) ежелгі гректердің дүниетанымдық көзқарастарының, олардың құндылықтары мен мінез-құлық үлгілерінің жүйесін көрсетеді. Оны зерттеу оқушылардың тарих пен мәдениет бойынша білімін тереңдетуге ғана емес, сонымен қатар аналитикалық ойлау қабілетін, интерпретациялық дағдыларын және мәдени мұраға деген құндылықтық қатынасын дамытуға мүмкіндік береді.

Тамыры тереңде жатқан грек мифологиясы әлем мәдениетінде көптеген культтер мен символдарды, ой-түсініктерді қалыптастырды. Соның бірі – грек мифологиясындағы сакралды кеңістікке қатысты қалыптасқан ұғым-түсініктер. Ежелгі гректердің дүниетанымында сакралды кеңістік адамзат үшін қасиетті мекен болып есептелген. Олар мұндай аймақты «теменос» деп атаған. Ерекше қасиетке ие мекендер туралы дереккөздер Гомер заманынан келе жатыр. Көбінесе олар осындай киелі, адам баласы тәу ететін жерлерге ғибадатханаларды жатқызған. Сол ғибадатханалардың ортасында ағаштар орналасқан британика. Осыған сәйкес біз өз мақаламызда көркем әдебиетте киелі кеңістіктің моделі болып саналатын киелі тау мен әлем ағашы туралы қалыптасқан көркем образдар жайлы сөз қозғаймыз.

Берілген тақырып бойынша ғылыми мақаланың **мақсаты мен міндеттері:**

Мақсаты: Грек мифологиясындағы сакралды кеңістік нысандарының (қасиетті орындар, храмдар, мифологиялық мекендер) образдарын педагогикалық тұрғыдан талдау және оларды білім беру үдерісінде тиімді оқытудың әдіс-тәсілдерін негіздеу.

Міндеттері:

- Грек мифологиясындағы сакралды кеңістік ұғымының мазмұнын және оның мәдени-тарихи мәнін анықтау;
- Грек мифологиясының әлем әдебиеті мен мәдениетіне тигізген әсерін айқындау;
- Сакралды кеңістік нысандарының негізгі түрлерін (Олимп тауы, храмдар, қасиетті тоғайлар және т.б.) жүйелеу және сипаттау;
- Бұл образдардың тәрбиелік және танымдық әлеуетін айқындау;
- Оқушыларға грек мифологиясын оқытуда сакралды кеңістік образдарын қолданудың педагогикалық ерекшеліктерін талдау;
- Білім беру үдерісінде тиімді әдістер мен технологияларды (интерактивті әдістер, жобалық жұмыс, визуализация және т.б.) ұсыну;
- Сакралды кеңістік нысандары арқылы оқушылардың мәдени құзыреттілігін, сыни ойлауын және дүниетанымын дамыту жолдарын көрсету.

Материалдар мен әдістер. Бүгінгі ЖОО әдебиетті оқыту әдістемесі студенттердің шығармашылық ойлауын, оқу қабілеттерін шыңдауға, сонымен қатар олардың зерттеушілік дағдыларын белсенді дамытуға бағытталған. Соған сай оқыту үдерісі репродуктивті оқытудан интерактивті әдістерге (мәдениеттер диалогі, кейс-стади) ауысу, цифрлық технологияларды пайдалану және әдеби фактілерді жай ғана ассимиляциялау емес, әдеби мәтіндерді тәуелсіз түсіндіруге назар аударуды көздейді. Біз зерттеу нысаны ретінде алған грек мифологиясындағы сакралды кеңістік образдары «6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4 курсына «Әлем әдебиеті және оны оқыту» пәнінің аясында қарастырылады. Студенттерге грек мифологиясындағы киелі кеңістік нысандарының (Олимп тауы, минотавр лабиринті, киелі ағаштар, Аид патшалығы, т.б.) бейнесін оқыту – білім алушылардың дүниетанымын кеңейтуде, мәдениетаралық диалогқа қатысы өз пікірлерін білдіруде және де әлем әдебиеті мен мәдениетіндегі киелілік ұғымына қатысты көзқарастарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Соған сай грек мифологиясындағы сакралды кеңістік құрылымды жүйе болып табылады және оған мыналар кіреді: Олимп – құдайлар әлемі ретінде және ең жоғарғы биліктің символы ретінде, Аид – өлілер дүниесі, о дүниеге деген көзқарасты бейнелейді, қасиетті тоғайлар мен храмдар – адамның Құдаймен қарым-қатынас жасайтын орындары. Осы элементтердің әрқайсысы белгілі бір мағыналық жүктемеге ие болып, білім алушылардың дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыру көзі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Сакралды кеңістікті зерттеудің айтарлықтай дидактикалық әлеуеті бар: мифологиялық деректерді талдау арқылы тарихи ойлауды дамытуға ықпал етеді, білім алушыларға символика мен бейнелерді түсінуге мүмкіндік бере отырып, мәдениеттік компетенттілікті қалыптастырады, мифологиялық және ғылыми дүниетанымдарды салыстыру арқылы сыни ойлауды дамытады, мәдени мұраға деген құрметті тәрбиелеуге ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл тақырып философия, тарих, әдебиет, өнертану және мәдениеттану тәрізді әртүрлі пәндерден алынған білімді интеграциялауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің әдіснамалық негізін төмендегілер құрайды:

- мәдениеттанулық тәсіл, мифологияны мәдени құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді;
- іс-әрекеттік тәсіл, білім алушыларды таным үдерісіне белсенді тартуға бағытталған;
- құзыреттілік тәсіл, негізгі білім беру құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Жұмыста ғылыми әдебиеттерді талдау әдістері, салыстырмалы-тарихи әдіс, SWOT талдау, цифрлық платформалар, БЛУМ таксономиясы бойынша ұсынылған тапсырмалар жүйесі, сондай-ақ оқу үдерісін педагогикалық модельдеудің элементтері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау. Қазіргі студент болашақ педагог маман ретінде әр курста өзі оқыған пәндер бойынша меңгерілген білім мазмұнын болашақта кәсіби қызметінде немесе күнделікті өмірде қолдана алатындай дәрежеде болуы керек. Соған сай әдебиет синкретті өнер түрінде жататындықтан, бұл пәнді меңгертуде пәнаралық интеграция басты рөл атқарады. Зерттеу жұмыстары 2025-2026 оқу жылының 1-семестрінде Абай атындағы ҚазҰПУ мен ҚазҰҚПУ базасында жүргізілді. Экспериментке «6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4 курс студенттері тартылды. Әр университеттен 25 студент (бір топ) қатыстырылды. Барлығы 50 студент. Эксперименттік топтарға әр сабақта үнемі тақырып аясында грек мифологиясына қатысты тың қызықты мәліметтер мен ақпараттар ұсынылды. Осы ақпараттарды талдау және интерпретация жасауда пікірталастар ұйымдастырылып, студенттердің сыни тұрғыдан ойлау, оқу сауаттылығын дамыту және оқырмандық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Эксперимент негізінен үш кезеңнен тұрды. Зерттеудің бастапқы кезеңінде біз алдымен оң нәтижеге қол жеткізу, әрі студенттердің грек мифологиясына қатысты білім деңгейін, әрі зерттеу мәселесіне қатысты күшті, әлсіз жақтарды анықтау үшін бірінші семинар сабағында студенттерге SWOT талдау жасаттық. Бүгінде SWOT талдау пәнді оқыту барысында ой шақыру, студенттердің жеке сыни тұрғыдан ойлауын дамытуда, нақты шешім қабылдауда қолданылып жүр. Зерттеуімізде мәселені шешуде SWOT талдауды жүргізудегі мақсатымыз – зерттеу нысанына қатысты алынған тақырыптың студенттердің әдеби білім мазмұнын меңгеруге деген оқу мотивациясын оятудағы рөлін, сонымен бірге жастар арасындағы сакралды кеңістікке деген қызығушылықтың әлсіз және күшті жақтарын, мүмкіндіктері мен қатерлерін анықтау. Себебі, «SWOT талдау бүгінгі таңда білім беру жүйесіндегі кез келген зерттеудің алдында жүргізілетін, мәселенің күшті, әлсіз жақтары мен мүмкіндіктері және қатерлерін анықтауға көмектесетін талдау түрі» [1, 289 б.]. SWOT талдау төрт қадамға негізделіп жасалды. Алдымен тақырып бойынша грек мифологиясындағы сакралды кеңістікке қатысты студенттер меңгерген, білетін ақпараттар жинақталды. Екінші кезекте жиналған ақпараттар SWOT талдаудың жіктеліміне сәйкес төрт бөлікке бөлінді. Үшінші қадамда студенттер өзіндік ой-пікірлерін білдіріп, көзқарастарымен бөлісті. Төртінші қадамда талданған ақпараттардың негізінде қорытынды шығарылды. Студенттерден алынған SWOT талдаудың нәтижесі төмендегі сызбада көрсетілді. Олар грек мифологиясының әлем әдебиеті мен мәдениетіне, сол секілді өнеріне тигізген ықпалы мол екенін, дегенмен, заманауи интерпретацияда өзгеріске ұшырайтынын, бастапқы мән-мағынасын жоғалту қаупі бар екенін айтты. Сонымен бірге кез келген мәселеге қатысты жасалынатын SWOT талдауда мына нәрселерге баса назар аударылуы керектігін атап өтті: біріншіден, жасалынатын талдау шынайы, екіншіден, нақты, үшіншіден, қысқа және қарапайым болуы керек. Төртіншіден, білім алушылар шамадан тыс көп немесе аз ақпараттарды қосудан аулақ болғаны дұрыс. Соған сай, бесіншіден, ақпараттарға тереңірек талдаудың да қажеті жоқ. Себебі, мұндай талдау мәселеге қатысты қалыптасқан анықтаманың мән-мазмұнын түгелдей бұрмалап жіберуі мүмкін. Керісінше жасалған SWOT талдау зерттеу тақырыбына қатысты басты құндылықтарды анықтауға, мақсатты жүзеге асыруға, бағыт-бағдар беруге көмектесуі қажет.



1 Сызба – Студенттердің грек мифологиясына қатысты SWOT талдауы

Нәтижесінде SWOT талдаудың негізінде студенттер бұл мәселені саралау арқылы -зерттеу жүргізуде талдау әдісін меңгеріп, мәселенің әлсіз жақтарын тауып, мүмкін болатын қатерлерді болжап, оны қалай анықтауға болатынын түсінді. Бұл әдісті қолдану нәтижесінде студенттердің өздеріне қажетті ақпаратты сабақ барысында зерделеуі арқылы олардың диагностикалық талдау жасай алатындықтарын көрсетті.

Әлем әдебиетінен өткізілген эксперимент сабақтары мәдени диалог (грек және қазақ халқының мифологиялық дәстүрі мен мифтік дүниетанымын салыстыру, екі халықтың мифологиясындағы киелі тау мен қасиетті ағаш бейнесіне талдау жасау), метапәндік (әдебиеттің тарих, философия, этнография, бейнелеу және кино өнерімен байланысын қарастыру) және тұлғаға бағдарланған ұстанымдар (сабақ барысында студенттердің жеке ерекшеліктері мен қабілеттеріне, білім-білік-дағдыларына бағытталған оқыту әдістерін қолдану) негізінде өткізілді. Соған сай қалыптастырушы кезеңде өткізілген сабақ негізгі бес кезеңнен тұрды. Олар: білімді өзектендіру (зерттеу нысанына сай проблемалық жағдаятты ұсыну), анализ және интерпретация (мәдениеттер диалогі арқылы киелі кеңістікке қатысты мәтіндерді талдау), шығармашылық рефлексия (сабақ барысында студенттердің сыни тұрғыдан ойлау және шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында әдеби мәтін талдауда интербелсенді әдіс-тәсілдер мен цифрлық платформалардың пайдалануы), тарихи контексте интеграциялық талдау (әдебиет+философия+тарих+этнография+өнер түрлері), мифтік мәтіндерді талдау арқылы грек және қазақ халқына тән әмбебап рухани-адамгершілік құндылықтарды анықтау. Зерттеуде грек мифологиясындағы киелі кеңістікке қатысты өткізілген екі дәрістің өтілу барысы мен талдамасы берілді.

1-дәріс сабағының базалық құрылымы. Дәріс тақырыбы: Грек мифологиясының тарихы. Олимп кезеңінің алғашқы мифтері. **Дәрістің мақсаты:** Грек мифологиясының тарихы жайлы ақпарат беру, алғашқы мифтердің құрылымы мен сакралды кеңістік образдарының көркемдігі мен мәніне (Олимп тауы мысалы негізінде) талдау жасату.

I. Сабақтың басы. Ұйымдастыру кезеңі (мотивациялық-мақсаттық, 7 минут). Мақсаты:

Дәрісханада ынтымақтастық атмосферасын орнату, талдайтын мәселені ұсыну.

Жұмыс істеу форматы: youtube Н.А.Куннің «Ежелгі Грекия аңыздары мен мифтері» кітабының мазмұны бойынша ұсынылған «Олимп. Зевстің патшалығы» бейнежазбасын көрсету, студенттердің алған әсерін талдау, көрсетілім бойынша сұрақтар қою.

II. Меңгерілетін білімді белсендіру кезеңі (10 минут). Мақсаты: Жаңа тақырыптың тарихи-мәдени байланысын сипаттау. **Жұмыс істеу форматы:** бейнежазба желісі мен оқытушының кіріспе әңгімесі бойынша ой қозғау сұрақтарын қою (Грек мифологиясының әлем әдебиетіне тигізген әсері? Грек мифологиясын қазір қалай қабылдаймыз? Грек мифологиясында киелі нысандар қалай суреттелген?).

Оқытушының кіріспе әңгімесі (келесі кезекті өз тарапымыздан грек мифологиясындағы киелі нысандарға қатысты сюжеттермен таныстырдық. Мұндай қадамға барғанымыз дәрісте тақырып жайлы кеңейтілген ақпарат беру арқылы студенттердің теориялық мәселені қалай меңгергендерін және оны практикалық тұрғыдан қалай талдайтындарына білу мақсатында жасалды).

Олимп тауы – әдебиет пен тарихта көп бейнеленген ең танымал таулардың бірі. Ол ежелгі грек мифологиясы арқылы бүкіл әлемге танылды. Грек мифологиясында Олимп тауы үлкен ғаламат күшке ие, Зевс бастаған 12 Құдай мекендеген орын ретінде суреттеледі. Діни сенімдерге сәйкес XX ғасырға дейін оның басына адамзат баласы мүлдем шықпаған. Адамдар қасиетті тауды от-жалын шарпып жатқан биіктікте орналасқан және де оны қорғайтын мифтік күзетшілері бар деп түсінген. Ежелгі грек мифологиясын зерттеген Н.Кун киелі тауды былай деп суреттейді: «...Олимп тауы бүкіл жерге үстемдік етуі тиіс. Олимптің биігінде көгілдір, түбі жоқ аспан кеңінен жайылып жатыр, одан алтын сәуле төгіледі. Зевс патшалығында жаңбыр да, қар да болмайды; онда мәңгі жарық та шаттыққа толы жаз орнаған. Ал төменде бұлттар үйіріліп, кейде алыс жерді жауып қалады. Жер бетінде көктем мен жазды күз бен қыс алмастырады, қуаныш пен көңілділікті қайғы мен мұң басады. Рас, құдайлар да кейде мұңаяды, бірақ ол тез өтіп кетеді де, Олимпте қайтадан қуаныш орнайды» [2]. Берілген үзіндіден байқағанымыздай, Олимп тауы күн нұры төгілген, уайым-қайғысы жоқ, тек Құдайлар ғана мекендейтін жұмақ мекен. Таудың басынан Зевс адамдарға өзінің сыйын үлестіріп, жердегі тәртіпті бақылап отырады. Адамдардың бақыты мен тағдыры, өмірі мен өлімі, жақсылығы мен жамандығы барлығы соның қолында. Егер бір адам жердегі орнатылған тәртіпті бұзса, Зевс құдай ашуланады. Сол кезде күн күркіреп, найзағай жарқылдап, алып Олимп тауы шайқалады. Ақын О.Шарко бұл жөнінде былай деп жырлайды:

...Олимпте ең ғажабы – мәңгілік жаз,

Жыл бойы Олимп бағы гүлге толы, жеміске бай...


Онда ешқашан жаңбыр да, қар да болмайды,

Зевс патшалығында әрдайым жылы әрі нұрлы.... [3].

Гомердің «Илиадасынан да» мынадай мысал келтіруімізге болады: « – Қымбатты бауырым, – деп айқайлады ол, – мені құтқар және аттарыңды бер, олар мені құдайлар мекендейтін Олимпқа жеткізсін. Мен Тидейдің ұлы, өлімді адамнан қатты жараландым, ол енді Юпитердің өз әкесімен де шайқасуға дайын. Ол аттарын жегіп, олар алға ұмтылды да, бір сәтте-ақ құдайлар мекендейтін биік Олимпқа жетті» [3]. Құдыретті күш иелері түгіл қарапайым халық та тауды қорған беруші күш ретінде санаған. Киелі жерлер ерекше, қасиетті мәртебеге ие. Бұл адамдар мекен ететін күнделікті жерлерге

қарағанда, ерекше және қасиетті күштермен байланыс жасауға арналған кеңістікті нысан. Діни санадағы киелі жер дегеніміз жоғарғы сенім құндылықтарын білдіреді. Сол себепті тау адамдардың бойында қорқыныш, табыну сезімін оятады. Олардың мифологиялық түсінігінде тау – ерекше сый мен құрмет көрсетуді талап ететін рухтар мен құдайлардың жердегі қонысы, магиялық күштердің шоғырланған жері. Мұны өз зерттеуінде PhD Nancy Conner де атап өтеді: Ол жердегі кез келгенінен де биік. Бұл әңгімелерде Олимп тауы бірнеше шыңнан тұрады, олардың әрқайсысы жеке бір құдайдың мекені болып саналады, ал ең биік шыңда Зевс тұрады. Кейбір басқа мифтер Олимп тауын жер бетінде емес, аспанның бір бөлігі ретінде сипаттайды. Нақты орналасқан жеріне қарамастан, Олимп тауы керемет мекен болған, құдайларға әбден лайық орын еді. Бұлттардың ар жағында Гефест салған бірнеше сәнді сарайлар мен залдар орналасқан, сол жерде олимпиадалық құдайлар өмір сүріп, думанды кештер өткізген. Көбінесе Олимптағы өмір жеңіл әрі тыныш болған. Құдайлар мен құдайшалар еш алаңсыз уақыт өткізіп, амброзия жеп, нектар ішіп, музыка тыңдап, әсем билерді тамашалаған. Олимп тауы жер бетінде болатын найзағай, қарлы боран, қатты жел, жер сілкінісі, бұршақ және торнадо сияқты табиғи апаттардан тыс қалған. Мұндағы атмосфера ләззат пен тыныштыққа толы еді, сондықтан оның тұрғындары да бейбіт өмір сүрді (әрине, көп жағдайда). Гректер мен римдіктер мифтік аңыз-әңгімелерге ерекше мән берген. Олар үшін миф дүниені танудың құралы болған.

III. Аналитикалық кезең (20 минут). Мақсаты: Олимп тауы туралы миф мәтініне талдату, мифтің идеясы мен көркемдік ерекшелігін бағалау. **Жұмыс істеу форматы:** эвристикалық әңгіме, мини-диспут, COOGLE IT цифрлық платформасын қолдану арқылы менталды карта жасату (топтық жұмыс). Т.Бьюзен ойлап тапқан менталды карта әдісі – қазіргі оқыту үдерісінде жиі қолданылып жүрген, танымал әдістердің бірі. Ол белгілі бір ақпаратты не мәтінді талдау, идеяны ұсыну, мәселені шешу және өзіндік тұжырым жасауда қолданылады. Менталды карталар күрделі деген тақырыптарды есте сақтауда, оны түсіндіруде және берілген мәтінді не ақпаратты визуалды құрылымдауда үлкен рөл атқарады. Сол себепті оның көмегімен студенттерді пән мазмұнына сәйкес білімді игертуге, соған сай оқу дағдысының негізінде пәндік құзыреттілікті қалыптастыруға және де белсенді іс-әрекеттегі әр қадамын жоспарлатуға болады. Сол себепті біз тақырыпқа қатысты бейнекөрсетілім мен кеңейтілген ақпарат берілгеннен кейін студенттердің мәтінді қалай игергендерін білу мақсатында COOGLE IT цифрлық платформасын қолдану арқылы менталды карта құрастыруларын сұрадық. Төменде студенттердің жаңа тақырыпқа қатысты түсіндірулерден кейінгі жасаған менталды карталары берілді.



2 сызба – Студенттердің COOGLE IT цифрлық платформасында жасаған менталді картасы

IV. Қорытынды және рефлексия (10 минут). Мақсаты: Меңгерілген білімді синтездеу және жекелей бағалау. **Жұмыс істеу форматы:** «ПОПС» формуласының негізінде тақырып бойынша қорытынды жасау.

V. Үй тапсырмасы (СӨЖ жұмысы, 3 минут). Дәрісте меңгерілген білімді бекіту және студенттердің шығармашылық әлеуетін көтеру мақсатында «Олимп – сұлулық, құдыреттілік және билік мекені» тақырыбында әдеби эссе жазу.

2-дәріс сабағының базалық құрылымы. Дәріс тақырыбы: Көне грек дастандарындағы қасиетті ағаш бейнесі. **Дәрістің мақсаты:** «Илиада», «Одиссея» дастандары мен аргонавтар туралы мифтегі қасиетті ағаштар туралы мағлұмат беру, қасиетті ағаш образының көркемдігі мен мәніне талдау жасату.

I. Сабақтың басы. Ұйымдастыру кезеңі (мотивациялық-мақсаттық, 7 минут). Мақсаты: Дәрісханада ынтымақтастық атмосферасын орнату, талдайтын мәселені ұсыну.

Жұмыс істеу форматы: Джеймс Джордж Фрезердің «Золотая ветвь. Исследование магии и религии» еңбегіндегі Грек мәдениеті мен мифологиясындағы қасиетті ағаштарға қатысты дайындалған перзентациямен таныстыру, студенттерге сұрақтар қою.

II. Меңгерілетін білімді белсендіру кезеңі (10 минут). Мақсаты: Жаңа тақырыптың тарихи-мәдени байланысын сипаттау. *Жұмыс істеу форматы:* зерттеушінің еңбегі мен оқытушының кіріспе әңгімесі бойынша берілген ақпараттарды талдату, қазақ мәдениеті мен мифологиясындағы қасиетті ағаштармен салыстыруларын сұрау.

Оқытушының кіріспе әңгімесі (Зерттеу барысында студенттерге екінші дәрісте алдыңғы тақырыппен байланыстырып, әлемдік ағаш туралы да кеңейтілген ақпарат берілді, ал семинарда соған сай интербелсенді әдістерді қолдану арқылы талдау жұмыстары жүргізілді).

Әлемдік тау мен әлем ағашы өзінің болмыс-бітімі, символдық жағынан бір-біріне жақын, егіз ұғымдар. Өйткені екеуі вертикальды модель. *Аспан-жер-жер астын* жалғастыратын символдық мәнге ие көркем бейнелер. Жалпы әлем ағашы, киелі ағаш туралы ой-пікірлер кез келген ұлтта да кездеседі. Әлем ағашы – бұл аспан, жер, жер асты секілді үш дүниені жалғастырып тұрған алтын көпір.

Грек мифологиясында әлем ағашы – көпқырлы құбылыс. Соған сәйкес ежелгі гректер бірнеше ағаштарды қасиет тұтып табынған. Мұның өзі олардың мифологиясында ағаш культін туғызған. Тіпті әр құдайдың өз ағашы болған. Осыған орай өсімдік әлемі грек мифологиясында әлемнің бір бөлшегі ретінде үлкен символдық мәнге ие болған. (Мысал). Ежелгі Грециядағы әлем ағашы образының даму эволюциясын зерттеген О.А.Кифишина оның кез келген өнер саласында (мүсін өнері, архитектура, сурет өнері, мәдениетте, т.с.с.) кеңінен қолданыла бастағанын айтады. Автор өз еңбегінде былай деп атап көрсетеді: «Қасиетті ағаш бейнесі б.з.д. VIII ғасырдан бастап Грекияның сәулет өнері мен бейнелеу өнеріне кеңінен енді. Осылайша «ағаш» жаңадан қалыптасып келе жатқан грек ордерінің құрылымдық жүйесіне белсенді түрде енгізіліп, бағанаға айналды. Сонымен қатар, ағаш бағаналар тас бағаналарға қарағанда әлдеқайда маңызды болып, ең қадірлі ғибадатханаларда (Афинадағы Гера ғибадатханасы) солармен алмастырылды. Осы ретте грек ғибадатханасы өз орналасуымен ғарыштың екі негізгі деңгейін білдірді: ол не төменгі, «төменде орналасқан» (Афинадағы Акрополь баурайындағы қасиетті орындар), не болмаса, әсіресе Грекияның гүлдену дәуіріне тән, «жоғарғы» деңгейде (Акрополь шыңындағы Парфенон) орналасты»[5].

Ежелгі гректер ағаштың символдық мәніне, күш-қуатына қатты сенген. Сол себепті олардың мәдениетінде ағашқа табыну, пір тұту культі қалыптасқан. Сондай киелі мәнге ие ағаштардың бірі – емен ағашы. Гректерде бұл ағаш ұлы құдай Зевстің атымен тығыз байланысты. Емен ағашы өзінің болмыс-бітімі жағынан күштілікті, шыдамдылықты, мықтылықты, ұзақ өмірді білдіреді. Гректердің дәл осы ағашты Зевс секілді ұлы құдайға телуі тектен-текке болмаса керек. Бұл туралы гректерде мынадай түсінік қалыптасқан: «Грек мифологиясында емен ағашы – құдайлардың патшасы Зевстің қасиетті ағашы болып саналады. Зевстің қасиетті емені ең көне эллиндік оракул – Додонаның негізгі нышаны болған. Бұл орын алғашында Жер-анаға (Гайяға), ол жерде Диона деп аталған құдайға арналған. Ал Зевс пен қасиетті еменге табыну кейінірек, б.з.д. XIX–XIV ғасырлар аралығында пайда болған. Маңыздылығы жағынан Дельфы оракулынан кейінгі екінші орында тұрған Додона Грекияның солтүстік-батысындағы Эпир аймағында орналасқан. Ежелгі грек тарихшысы Геродоттың айтуынша, оның тарихы б.з.д. екінші мыңжылдыққа дейін барады. Қасиетті еменге оның түбінде жерде ұйықтайтын абыздар күтім жасаған. Олар адам тілінде сөйлей алмаса да, оракулдан кеңес алу үшін алыс жол жүріп келген адамдарға жауап беру үшін абыздар мен абыз әйелдер желден немесе бұтақтар арасында ұшқан көгершіндерден пайда болған жапырақ сыбдырын түсіндіріп отырған»[6]. Біздің пікірімізше, ежелгі гректердің еменді Зевс құдайдың киелі ағашы ретінде дәріптеуі жай ғана кездейсоқ нәрсе болмаса керек. Бұл көзқарасты өз зерттеуінде James E.O растайды. «Критте және Эгей теңізі өңірінде Зевс үштік құдай ретінде түсіндірілген: аспан құдайы, су құдайы және жер құдайы. Ол қасиетті еменде мекендеп, өзін Зевстің бейнесі деп саналатын қасиетті патшаға қызмет етеді деп сенген. Осындай сенімдер мен дәстүрлердің негізінде ормандағы ағаштарда, суда және жердің өзінде бар құдайлық өмірді мойындау жатыр. Бұл – бір ғана өмірлік мәннің барлық жерде, әрбір нәрседе бірдей көрініс табуы деген түсінік. Орманнан шөлге өткенде, жансыз кеңістіктің ұлан-ғайыр көрінісіндегі тіршіліктің кез келген белгісі адамдардың назарын аударып, өмір құпиясын айқындай түскен»[7]. Әрине, бүкіл әлемге әмірін жүргізетін Зевс секілді құдайдың киелі ағашы да емен секілді мықты, күшті болуы қажет шығар. Осы ағаштың мифологиядағы сакральды бейнесі арқылы Зевстің алапат күшке ие болғандығын білеміз. «Қасиетті және мифологиялық мағынасынан бөлек, емен ежелгі заманда көлеңке көзі ретінде де, сондай-ақ берік ағаш материалы ретінде де жоғары бағаланған. Оның мықты сүрегі құрылыс пен ағаш өңдеу ісінде кеңінен қолданылған. Емен ағашы кемелер, арбалар мен көпірлер салуда, сондай-ақ бағаналар, құралдар, жиһаздар және мүсіндер жасауда пайдаланылған. Бұл бұйымдардың барлығы да берік ағаштың арқасында сапалы әрі төзімді болған. Емен ағашын жаққанда жоғары сапалы көмір алынған, сондай-ақ одан алынған күл шарапқа хош иіс беру үшін қолданылған»[8]. Біздің ойымызша, емен ағашының осындай санқырлы функциясының өзі оның басты қасиетін білдіруі мүмкін. Оның мәні ең алдымен ағаштың күш-қуатына қатысты айтылса керек. Себебі гректер еменді жерде алғаш пайда болған ағаш ретінде құрмет тұтқан, тәу еткен. Тіпті оның жапырақтарының сылдыры арқылы Құдай өзінің талап-тілегін, үкімін жеткізіп отыр деп түсінген. Оны тек көріпкелдер

ғана түсінген. Өздерінің болжаулары арқылы Құдай үкімін халыққа жеткізген. Аспан мен жер арасындағы дәнекер рөлін атқаратын емен адамдарға өмірлік энергия береді, пәле-жаладан, қауіп-қатерден қорғайды. Еменнің қорғаныс қызметін атқаратын функциясы жайлы деректі біз Ясон мен аргонавтарға қатысты мифтен де табамыз. Мифте Ясон жорығының дайындығын былай деп суреттеледі:

Құдай-аналар көмектесуге қуана келді – олар аспан арқылы жылдам ұшты,
 Өрқайсысы өз жолын таңдады. Теспий қабырғаларына біреуі түсті,
 Ал Арға, өзі сүйікті жерге, Тритонийлік дева дүрсілдей жетті.
 Сол жерде ол мықты кемені тұрғызуды бұйырды,
 Емендерді кесіп, Арппен бірге Пелион орман қойнауына кірді [9, 95 б].

Мифте Афина құдайдың өзі аргонавтарға көмектеседі. Тіпті Ясонның жорығына арнайы Теспийде тұратын Арг шеберге Пелион тауында өсетін емен ағашынан кеме жасатады. Мұның өзі құдайлардың аргонавтарды қолдағанын білдіреді. Емен ағашының арнайы сый ретінде аргонавтарды пәле-жаладан қорғау үшін берілгендігі миф сюжетінің бірнеше жерінде қайталанады:

Ясонның түсіне кеменің қорғаушысы – дева кірді.

Ол басшыға былай деп сөз айтты:

«Міне, сен Додонаның қасиетті еменін көріп тұрсың,
 Және хаондық Зевс абызын. Мен сенімен бірге теңізге шығамын.
 Егер маған аспан уәде етілмегенде, Сатурния мені
 Болжам орманынан тартып ала алмаушы еді.
 Уақыт келді, енді кідірме! Біз теңізде жүзіп бара жатқанда,
 Маған және Олимп құдайларына сен.

Егер ауа-райы апат әкелсе, қорқынышты жең!»

Осылай деді де. Түс көрінісі жағымды болса да, қорқып,
 Эсонид төсектен секіріп тұрып, барлық минийліктерді жинайды [9, 45 б].

Бұл жерде мифтегі түс элементін адам санасындағы мәдени модель ретінде оған беймәлім, бағынбайтын сакральды кеңістікпен түйісу элементі ретінде қарастырған жөн. Соған сәйкес мифтегі түстің мынадай функцияларын атап өтуімізге болады:

1) болашақты болжау функциясы. Мифте аргонавтар арман-мақсаттарына жетеді.

2) сакральдылық функциясы. Мифте Ясонның кемесінің діңгегі (мачтасы) қасиетті емен ағашынан жасалынған. Ол біріншіден, тек аргонавтарды қорғаушы ғана емес, сонымен бірге оларға бағыт-бағдар беруші. Екіншіден, оның мұндай қызмет атқаруы Құдайлар әлемімен байланыстың болуы арқасында жүзеге асады.

3) мәдени-ұлттық код ретінде. Бұл жерде ертеден қалыптасқан көне мәдениеттің, ұлттық дүниетанымның негізінен көрініс беріледі.

Көркем әдебиеттегі түс көру феномені әмбебаптық қасиетке ие. Бұл барлық мәдениеттерге тән қасиет. Э.Р.Доддс атап көрсеткендей, «...Көптеген қарапайым мәдениеттерде армандардың құрылымы бар, олар әлеуметтік түрде берілетін сенім үлгісіне байланысты болады және бұл сенім қолдауын жоғалтқанда армандар да көрінуді тоқтатады. Тек бір немесе басқа символды таңдау ғана емес, сонымен бірге арманың табиғаты да қатал дәстүрлі стереотипке бағынады деп көрінеді. Ашық айқын, мұндай армандар мифпен тығыз байланысты» [10, 155 б]. Ал ежелгі әдебиетте түс әдетте аян беру, болашақты болжау ретінде қолданылады. Бұдан біз аргонавтар жайлы мифте емен ағашының ғаламат күшін суреттеу үшін түс элементінің енгізілуі арқылы адамдарға Құдайлар әлемінің мінсіз екендігін көрсеткісі келген деп білеміз. Мифтегі емен ағашының аргонавтар өмірін қорғаудағы функциясы адам өмірін ұзартудың бір жолы ретінде бейнеленеді. Біздің пікірімізше, емен ағашының символдық мәнін, киелілік функциясын былай таратуға болады: біріншіден, емен күштілік пен биліктің бейнесі; екіншіден, еменнің Зевс құдаймен байланысты айтылуы адамдар мен құдай арасындағы рухани байланысты, үйлесімділікті білдіреді, үшіншіден, ол адамзат баласын бәле-жаладан, қауіп-қатерден қорғайды; төртіншіден гректердің үлкен ағашты кие тұтуы тектілікті, ұрпақ жалғастығын білдіреді. Тамырын жайған емен ағашы адамзат әулетінің өсіп-өніп, көбейіп, мәңгі жасайтынын білдіреді.

III. Аналитикалық кезең (20 минут). Мақсаты: «Илиада», «Одиссея» дастандары мен аргонавтар туралы мифтегі, Джеймс Джордж Фрезердің зерттеуіндегі қасиетті ағаштар (емен, тұт, кипарис, алма, т.б.) бейнесін талдату. *Жұмыс істеу форматы:* БЛУМ таксономиясының негізінде ұсынылған тапсырмалар, «Эйлер шеңбері», «Fishbone» әдісі, кластер, әдеби эссе. Осындай ақпарат берілгеннен кейін студенттерге тақырыпты бекіту мақсатында БЛУМ таксономиясының негізінде тапсырмалар жүйесі ұсынылды. Е.Әбдімомунов атап көрсеткендей, «Таксономия – белгілі бір критерийлер мен принциптер бойынша объектіні жүйелеу, топтау немесе жіктеу дегенді білдіреді. БЛУМ таксономиясының алты кезеңі ең төменгі дейңгейден ең жоғары деңгейге ауысатын алты кезеңді қамтиды және болашақта балаларды оқытуда пайдалану үшін нұсқаулық береді» [11, 197 б.].

Сабақта мұндай тапсырмаларды орындату арқылы студенттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттырып, тақырыпты тез әрі жылдам меңгеруге көмектеседі. Оқыту әдістемесіндегі бұл таксономия білім алушылардың деңгейін өлшеу құралы ғана емес, сонымен бірге әр қадамды жоспарлау мен орындаудағы алғышарт болып табылады және де мұндай тапсырмаларды ұсыну арқылы бірнеше әдіс-тәсілдерді нәтижелі пайдалануға болады.

1 кесте – БЛУМ таксономиясы бойынша ұсынылған тапсырмалар

БЛУМ деңгейі	Таным мен ойлаудың деңгейі	Тапсырманың мақсаты мен мазмұны	Ұсынылған тапсырмалар	Нәтижесі
Білу	төмен	Грек мифологиясындағы сакралді кеңістік жайлы қандай ақпараттың қызық болғанын анықтау.	1-тапсырма. Грек мифологиясындағы сакралді кеңістік түрлерін атаңыз. Бағалау критерийі: - грек мифологиясындағы сакралді кеңістік түрлерін дұрыс және толық анықтайды; 2-тапсырма. Сакралді кеңістік жайлы пікір келтірген ғалымдардың пікірлерін келтіріңіз. Бағалау критерийі: - сакралді кеңістік туралы ғалымдардың ғылыми көзқарастарын дұрыс айтады және өзара салыстырады.	Дескриптор (1-тапсырма): - сакралді кеңістік ұғымын түсінеді; - кемінде 3- 5 сакралді кеңістік түрін атайды (мысалы: храм, қасиетті тоғай, тау, үңгір, құрбандық орны); - мысалдарды грек мифологиясымен байланыстырады; Дескриптор (2-тапсырма): - 2-3 ғалымның пікірін атайды (мысалы: М.Элиаде, К.Юнг, Э.Дюркгейм); - сакралді кеңістік туралы айтқан ғалымдардың пікірін түсіндіреді. Нәтижесінде студенттер грек мифологиясындағы сакралді кеңістік нысандарын атайды.
Түсіну	төмен	Киелі ағаш пен киелі тау бейнесін салыстыру.	1-тапсырма. Олимп тауының мифологиядағы рөлін түсіндіріңіз. Бағалау критерийі: - Олимп тауының грек мифологиясындағы сакралді және символдық рөлі мен мәнін түсіндіреді. 2-тапсырма. Гомердің «Илиадасы» мен грек мифтеріндегі Олимп тауы мен емен, кипарис, т.б. киелі ағаштардың бейнесін салыстырыңыз. Бағалау критерийі: - мифологиялық мәтіндер мен поэтикалық шығармадағы сакралді кеңістік пен киелі ағаш бейнелерін салыстырады.	Дескриптор (1-тапсырма): - Олимп тауын құдайлар мекен ететін сакралді (қасиетті) кеңістік екенін түсіндіреді; - Олимптің басты құдайлар пантеонымен байланысын көрсетеді (Зевс, Гера, Афина т.б.); - Олимптің мифологиялық және символдық мәнін ашады. Дескриптор (2-тапсырма): - екі дереккөздегі сакралді кеңістіктің ортақ және айырмашылық белгілерін көрсетеді; - Олимп пен киелі ағаштардың құдайлармен байланысын салыстырады. Нәтижесінде студенттер грек мифологиясының әлем әдебиетіне тигізген ықпалын түсінеді, өзгелерге өз ойын жеткізеді.
Қолдану	орта	Ұсынылған тапсырманың шартына сай меңгерілген білімді қолдану.	1-тапсырма. Белгілі бір мәтіннен киелі кеңістік образын тауып, сипаттама беріңіз. Бағалау критерийі: - грек мифтерінен киелі кеңістік образын анықтап, оның мифологиялық мәнін сипаттайды. 2-тапсырма. Мифологиядағы киелі ағаш немесе киелі тау функциясын сызба не кесте түрінде ұсыныңыз. Бағалау критерийі: - киелі ағаш немесе киелі таудың мифологиялық функцияларын визуалды (сызба/кесте) түрінде жүйелейді.	Дескриптор (1-тапсырма): - мәтіннен киелі кеңістікке қатысты образды дұрыс табады; - оның түрін анықтайды (тау, ағаш, храм, үңгір т.б.); - киелі кеңістіктің мифологиялық немесе символдық мәнін сипаттайды. Дескриптор (2-тапсырма): - киелі ағаш немесе киелі таудың кемінде 3-5 функциясын (діни, символдық, мифологиялық, қорғаныс) анықтайды; - ақпаратты кесте немесе сызба түрінде ұсынады. Нәтижесінде студенттер зерттеу нысанына сай ұсынылған мәселе бойынша меңгерілген білімді іс-тәжірибеде қолданады.

Талдау	жоғары	Грек мифологиясында киелі тау немесе киелі ағаш бейнесіне талдау және интерпретация жасау.	1-тапсырма. «Эйлер шеңберін» пайдаланып, грек мифологиясындағы киелі тау мен киелі ағаш образына тән ұқсастық мен айырмашылығына талдау жасаңыз. Бағалау критерийі: - киелі тау мен киелі ағаш образдарының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын дұрыс анықтап, жүйелейді. 2-тапсырма. «Fishbone» әдісін пайдаланып, сакралді кеңістік образдарының адамдар үшін неліктен маңызды екеніне талдау жасаңыз. Бағалау критерийі: - сакралді кеңістік образдарының маңыздылығын себепсалдарлық тұрғыда талдайды.	Дескриптор (1-тапсырма): - киелі тау мен киелі ағаш ұғымдарын дұрыс ажыратады; - киелі тау мен киелі ағаштың кемінде 2-3 ұқсастығын көрсетеді; - әр образдың кемінде 2-3 айырмашылығын анықтайды. Дескриптор (2-тапсырма): - негізгі мәселені дұрыс анықтайды (сакралді кеңістіктің маңызы); - 3-5 негізгі себепті көрсетеді; - әр себепті нақты мысалдармен толықтырады; - себептерді логикалық түрде жіктейді (діни, мәдени, әлеуметтік, символдық т.б.); - сызбаны дұрыс құрастырады. Нәтижесінде студенттер грек мифологиясындағы сакралді кеңістік образдарын талдау арқылы мифтік мәтінге интерпретация жасайды.
Жинақтау	жоғары	Зерттеу мәселесі бойынша меңгерілген білімді жинақтау.	1-тапсырма. Сакралді кеңістік образына қатысты жаңа миф ойлап шығарыңыз немесе Олимп тауы туралы әңгіме жазыңыз немесе постер әзірлеңіз. Бағалау критерийі: - сакралді кеңістік образын шығармашылық түрде бейнелейді және оның мифологиялық мәнін дұрыс ашады. 2-тапсырма. Меңгерілген білімді жинақтап, грек мифологиясындағы сакралді кеңістік образдары бойынша тест тапсырмаларын даярлаңыз. Бағалау критерийі: - грек мифологиясындағы сакралді кеңістік түрлерін дұрыс анықтап, олар бойынша тест тапсырмаларын құрастырады.	Дескриптор (1-тапсырма): - сакралді кеңістік ұғымын дұрыс қолданады; - шығармашылық жұмыс түрін таңдайды (миф / әңгіме / постер); - киелі кеңістік образын дұрыс сипаттайды; - мифологиялық элементтерді (құдайлар, символдар, аңыздық оқиғалар) енгізеді. Дескриптор (2-тапсырма): - 20 тест сұрағын құрастырады; - сұрақтар мазмұны оқу мақсатына сәйкес келеді; - дұрыс жауаптарды көрсетеді. Нәтижесінде студенттер зерттеуге қатысты меңгерілген білімді пайдаланып, жаңа өнім ұсынады.
Бағалау	жоғары	Грек мифологиясындағы сакралді кеңістік образдарына баға беру.	1-тапсырма. «Грек мифологиясы – өркениеттің бастауы» деген тақырыпта грек мифологиясының әлем әдебиетіне ықпалының аса маңызды екенін дәлелдеп эссе жазыңыз. Бағалау критерийі: - грек мифологиясының әлем әдебиетіне ықпалын дәлелді аргументтер арқылы талдап, логикалық құрылымы бар эссе жазады.	Дескриптор (1-тапсырма): - грек мифологиясының әлем әдебиетіне ықпалын нақты дәлелдермен көрсетеді; - нақты мысалдар келтіреді; - әдеби шығармалармен байланысын түсіндіреді; - сауатты жазады.

			2-тапсырма. «Сакралді кеңістік образдарының қазіргі қоғамдағы маңызын бағалап, әдеби шолу дайындаңыз. Бағалау критерийі: - сакралді кеңістік образдарының қазіргі қоғамдағы маңызын дереккөздерге сүйеніп талдайды, жүйелі әдеби шолу жасайды.	Дескриптор (2-тапсырма): - сакралді кеңістіктің қазіргі қоғамдағы орны мен маңызын анықтайды; - 2- 4 ғылыми немесе әдеби дереккөзді пайдаланады. Нәтижесінде студенттер әлем әдебиетіндегі грек мифологиясының рөліне баға береді.
--	--	--	---	--

ІҮ. Қорытынды және рефлексия (10 минут). Мақсаты: Меңгерілген білімді синтездеу және жекелей бағалау. *Жұмыс істеу форматы:* «3-2-1 рефлексиясы» әдісі (дәрісте меңгерген мәліметтеріне қатысты 3 факт, 2 жаңа ақпарат, 1 сұрақ жазу) негізінде тақырып бойынша қорытынды жасау.

Ү. Үй тапсырмасы (СӨЖ жұмысы, 3 минут). Дәрісте меңгерілген білімді бекіту және студенттердің шығармашылық әлеуетін көтеру мақсатында «Ежелгі Грекиядағы ағаш культі» тақырыбына постер жасау.

Қорытынды. Зерттеу мақаламызда біз негізінен грек мифологиясындағы сакралды кеңістік образын оқытудың педагогикалық аспектілерін саралау мақсатын ұстандық. Сол себепті дүниетанымдық аспект, яғни Олимп құдайларының мекені (жоғарғы әлем), жер бетіндегі киелі жерлер (орта әлем) арқылы ежелгі гректердің космологиялық түсініктерін талдау тұрғысынан, сол секілді рухани-адамгершілік тәрбие аспектісі тұрғысынан мифтік кеңістіктегі құдайлар мен кейіпкерлердің іс-әрекетін талдау арқылы адамгершілік құндылықтарды (әділдік, батылдық, жауапкершілік, т.б.) түсіндіруді және адамзат санасында қалыптасқан архетиптік бейнелерді тану аспектісі ретінде грек мифологиясындағы архетиптер мен сакралды кеңістіктердің қазіргі оқырманның рухани қажеттіліктеріне жауап беретін метафоралық бейнелер ретінде қарастыруға тырыстық. Соған сай бүгінгі мәтін талдаудағы тарихи-салыстырмалы, уақыт және кеңістік тұрғысынан талдау, мәтінге интерпретация жасау, мәтіндегі негізгі ойды түсіндіру, меңгерту барысында интербелсенді әдіс-тәсілдерді пайдаландық. Мұның бәрі сакралды нысандарды мәдениеттегі көркем уақыт пен кеңістік сипатына қарай қарастыру, олардың символдық мағынасын ашу, мифтік сюжеттерді талдау, грек мифологиясындағы сакралды кеңістіктерді (мыс: Олимп) басқа мәдениеттердің (соның ішінде түркілік) киелі жерлерімен салыстыра отырып, ортақ архетиптерді табу арқылы студенттердің сыни ойлау қабілетін дамыту мақсатынан туындаған еді.

Қорыта келгенде айтарымыз, ежелгі грек мифологиясы – әлем әдебиетінде белгілі бір эстетикалық ортаның, рухани дүниенің қалыптасуына негіз болған мифология. Ежелгі грек мифологиясы жалпыадамзаттық мәдениет пен өркениеттің дамуына негіз болды. Тіпті грек мифологиясының кейбір сюжеттері Леонардо до Винчи, Рафаэл Санти, т.б. сол секілді әлемге әйгілі суретшілердің туындыларының көркем бейнесіне айналды. Осыған сәйкес қазіргі технократиялық заманда мүмкіндігінше грек мифологиясының әлем танып білмеген құпия сырларын ашу және де оны оқыту үдерісінде студенттерге кеңірек ақпарат беріп талдату және меңгерту – кезек күттірмес басты мәселердің бірі. Біз өз кезегімізде зерттеулерімізде әлі де грек мифологиясына ораламыз деп сенеміз. Әсіресе, пәнаралық интеграция жағынан тарих, әдебиет, өнер тарихы және философия пәндерін байланыстыра отырып, біртұтас білім беруге қатысты жұмыстар жүргізетініміз анық. Осылайша, грек мифологиясындағы сакралды кеңістік бейнелері айтарлықтай педагогикалық әлеуетке ие болып, оқу үдерісінде тиімді қолданылуы мүмкін. Оларды зерттеу және талдату білім алушылардың тарихи ойлау қабілетін, мәдени сәйкестікті және құндылықтық бағдарларды қалыптастыруға ықпал етеді. Келешектегі зерттеулер перспективалары нақты оқыту әдістемелерін әзірлеу және инновациялық білім беру технологияларын енгізумен байланысты болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 **Яхшиева З.Ш.** Разработка стратегии проведения урока на основе SWOT-анализа // Молодой ученый. – 2017. – №17 (151). – С. 311–314. [Электронды ресурс] URL: <https://moluch.ru/archive/151/42530/> (жүгінген күні: 05.03.2026).
- 2 **Koon N.A.** Myths and Legends of Ancient Greece [Text] / N.A. Koon. – Moscow: Eksmo Publishing House, 2023.
- 3 **Charko O.** Gods of Olympus – [Electronic resource] URL: <https://www.stihi.ru/2015/07/07/2949> (accessed 05.03.2026).
- 4 **Conner N.** The Everything Classical Mythology Book [Text] / N. Conner. – New York: Simon & Schuster, Inc., 2002.
- 5 **Кифишина О.А.** Священное дерево в искусстве и культуре Греции [Текст] / О.А. Кифишина. – Москва, 2010. – 174 с.

- 6 **Фрэзер Д. Золотая ветвь: Исследование магии и религии** [Текст] / Д. Фрэзер. – Москва: Издательство Азбука, 2024. – 976 с.
- 7 **Казаров С.С. Шелест листьев, воркование голубей, звон котлов, журчание источника: гармония звуков в мантике додонского оракула** [Текст] / С.С. Казаров // *EXHOAN*. – 2022. – Т. 16, №2. – С. 665–673.
- 8 **Золотникова О.А. Святилище Зевса в Додоне: эволюция религиозной концепции** [Текст] / О.А. Золотникова // *Journal of Hellenic Religion*. – 2019. – Т. 12. – С. 85–132.
- 9 **Флакк В. Аргонавтика. Книга первая** [Текст] / В. Флакк; под общ. ред. А.В. Подосинова. – Москва: Импетто, 2013. – 104 с.
- 10 **Dodds E.R. The Greeks and the Irrational** [Text] / E.R. Dodds; translated from English. – St. Petersburg: Aleteia, 2000. – 507 p.
- 11 **Әбдімомынов Е.Б. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі (цифрлық дәуірде әдебиетті оқытуды қайта зерделеу)** [Мәтін]: оқу құралы / Е.Б. Әбдімомынов. – Тараз: Dumaty university, 2023. – 299 б.

REFERENCES:

- 1 **Yahshieva Z.Sh. Razrabotka strategii provedeniya uroka na osnove SWOT-analiza** [Development of a lesson strategy based on SWOT analysis]. *Molodoj uchenyj*, 2017, no. 17 (151), pp. 311–314. Available at: <https://moluch.ru/archive/151/42530/> (accessed 05 March 2026). (In Russian)
- 2 **Koon N.A. Myths and legends of ancient Greece**. Moscow, Eksmo Publishing House, 2023.
- 3 **Charko O. Gods of Olympus**. Available at: <https://www.stihi.ru/2015/07/07/2949> (accessed 05 March 2026).
- 4 **Conner N. The Everything Classical Mythology Book**. New York, Simon & Schuster, Inc., 2002.
- 5 **Kifishina O.A. Svyashhennoe derevo v iskusstve i kul'ture Grecii** [Sacred tree in the art and culture of Greece]. Moscow, 2010, 174 p. (In Russian)
- 6 **Frehzer D. Zolotaya vetv': Issledovanie magii i religii** [The Golden bough: A study of magic and religion]. Moscow, Izdatel'stvo Azbuka, 2024, 976 p. (In Russian)
- 7 **Kazarov S.S. Shelest list'ev, vorkovanie golubej, zvon kotlov, zhurchanie istochnika: garmoniya zvukov v mantike dodonskogo orakula** [Rustling leaves, cooing doves, ringing cauldrons, murmuring spring: harmony of sounds in the mantics of the Dodona oracle]. *EXHOAN*, 2022, vol. 16, no. 2, pp. 665–673. (In Russian)
- 8 **Zolotnikova O.A. Svyatilishhe Zevsa v Dodone: e'voljuciya religioznoj koncepcii** [The sanctuary of Zeus in Dodona: evolution of the religious concept]. *Journal of Hellenic Religion*, 2019, vol. 12, pp. 85–132. (In Russian)
- 9 **Flakk V. Argonavtika. Kniga pervaya** [Argonautica. Book One]. Ed. by A.V. Podosinov, Moscow, Impeto, 2013, 104 p. (In Russian)
- 10 **Dodds E.R. The Greeks and the Irrational**. Translated from English. Saint Petersburg, Aleteia, 2000, 507 p.
- 11 **Abdimomynov E.B. Kazak adebietin okytu adistemesi (cifirlyk dauirde adebietti okytudy kajta zerdileu)** [Methods of teaching Kazakh literature (rethinking the teaching of literature in the digital age): study guide]. Taraz, Dumaty university, 2023, 299 p. (In Kazakh)

Авторлар туралы мәліметтер:

Жүнісова Даяна Нұрқанатқызы* – лингвистика магистрі, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Қазақстан Республикасы, 020000 Көкшетау қ., Абай көш. 76, тел.: +77753160754, e-mail: dayana_devi@mail.ru.

Юсуп Айжан Нұрашқызы – PhD докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050032 Алматы қ., Достық даңғ. 13, тел.: +77086310381, e-mail: ayzhan.yusup@mail.ru.

Юсуп Пархат Қорабайұлы – PhD докторы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050026 Алматы қ., Әйтеке би көш. 99, тел.: +77079027211, e-mail: farhat.yusup.70@mail.ru.

Балғабәева Гаухар Зкрияқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан тарих кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 110000 Қостанай қ., Байтұрсынов көш. 47, тел.: +77054503372, e-mail: balgabaeva.gauhar@mail.ru.

Жунисова Даяна Нурканатовна* – магистр лингвистикасы, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Республика Казахстан, 020000 г. Кокшетау, ул. Абая 76, тел.: +77753160754, e-mail: dayana_devi@mail.ru.

Юсуп Айжан Нурашевна – доктор PhD, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050032 г. Алматы, пр. Достык 13, тел.: +77086310381, e-mail: ayzhan.yusup@mail.ru.

Юсуп Пархат Корабаевич – доктор PhD, Казахский национальный женский педагогический университет, Республика Казахстан, 050026 г. Алматы, ул. Айтеке би 99, тел.: +77079027211, e-mail: farhat.yusup.70@mail.ru.

Балгабаева Гаухар Зкриановна – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор кафедры истории Казахстана, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Республика Казахстан, 110000 г. Костанай, ул. Байтұрсынова 47, тел.: +77054503372, e-mail: balgabaeva.gauhar@mail.ru.

Zhunissova Dayana Nurkanatovna* – Master of Linguistics, Sh.Ualikhanov Kokshetau University, Republic of Kazakhstan, 020000, Kokshetau, 76 Abai Street, tel.: +77753160754, e-mail: dayana_devi@mail.ru.

Yussup Aizhan Nurashevna – PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050032, Almaty, 13 Dostyk Ave., tel.: +77086310381, e-mail: ayzhan.yusup@mail.ru.

Yussup Parkhat Korabayevich – PhD, Kazakh National Women's Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050026, Almaty, 99 Aiteke bi Str., tel.: +77079027211, e-mail: farhat.yusup.70@mail.ru.

Balgabayeva Gauhar Zkriyanovna – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Department of history, Associate Professor, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, 47 Baytursynov Str., tel.: +77054503372, e-mail: balgabaeva.gauhar@mail.ru.

XFTAP 14.35.01

ӨОЖ 373.1

<https://doi.org/10.52269/SKVC2622118>

КӘСІБИ МАНСАПТАҒЫ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ РӨЛІ: ТАҢДАУДАН МАНСАПТЫҚ ӨСУГЕ ДЕЙІН

Кажимова К.Р. – PhD, аға оқытушы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан Республикасы.

Хабадашев Н.А. – өнертану магистрі, аға оқытушы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан Республикасы.

Азамат Т. – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Toraighyrov university, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы.

Матаев Б.А.* – PhD, педагогика жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі кәсіби нарықтың қарқынды бәсекелестікке және тиімді аралық қарым-қатынастың өсіп келе жатқан маңыздылығына байланысты, мұнда эмоционалдық интеллект табысты кәсіби өсу үшін аса маңызды. Бұл зерттеу Қазақстандағы педагогикалық университеттерде мамандық таңдаудан мансаптық өсуге дейінгі кәсіби мансаптың әртүрлі кезеңдерінде эмоционалдық интеллекттің маңыздылығын анықтау мақсатында жүргізілді. Зерттеудің негізгі мақсаттарына мыналар кірді: эмоционалдық интеллекттің теориялық тұжырымдамалары мен оның құрамдас бөліктерін талдау; кәсіби қызметте эмоционалдық интеллектіні дамыту әдістері мен тәсілдерін зерттеу; эмоционалдық интеллект деңгейі мен кәсіби даму көрсеткіштері арасындағы корреляцияны анықтау; мансаптық өсу үшін эмоционалдық интеллектіні дамыту моделінің әзірленуі. Қойылған міндеттерді шешу үшін әдеби шолу, сауалнамалар, MSCEIT (Mayer-Salovey-Saruso) әдістемесін қолдана отырып тестілеу, сондай-ақ статистикалық және аналитикалық әдістерді қамтитын кешенді тәсіл қолданылды. Эмпирикалық зерттеуге Қазақстандағы екі педагогикалық университеттің мұғалімдерінен құралған 200 респондент қатысты. Зерттеу эмоцияларды қабылдау және пайдалану қабілетінің жоғары болуы өзін-өзі сенімділікпен және жұмыстағы күйзелістің сирек болуымен байланысты екенін, ал эмоцияларды басқару қабілеті басқа адамдардың эмоцияларын түсінуге және жалпы жұмысқа қанағаттануға оң әсер ететінін көрсетті. Педагогикалық университеттерде жылдам қызметтік өсу мүмкін екені анықталды, бірақ респонденттердің көпшілігі айтарлықтай мансаптық табысқа 10 жылдан немесе одан да көп жұмыс істегеннен кейін жетеді. Лауазымдық өсу академиялық біліктілік, ғылыми үлес, басқарушылық қабілеттер және жеке қасиеттердің жиынтығына байланысты. Нәтижелер оқытушылар құрамының эмоционалды интеллектісін мақсатты түрде дамыту қажеттігін растайды. Зерттеу аясында эмоционалды интеллектіні дамытудың қадамдық моделі әзірленді, оған өзін-өзі бағалау, мақсат қою, оқыту мен тәжірибе, жұмыс ортасында дағдыларды қолдану, кері байланыс алу және үздіксіз жетілдіру кіреді.

Түйінді сөздер: эмоционалды интеллект, мансап, мансап таңдау, бейімделу, мансапты дамыту, мамандар, менеджерлер.